

Айкупешева Д.М.,
Умирзакова М.А.,
Берикболова У. Д.

**Әйел жұмыс күші рыногы
құрылымын жетілдіру
механизмі**

Қазіргі кезеңдегі қазақстандық еңбек рыногының қалыптасқан үлгісін саралай отырып, біз жүргізілген зерттеулер нәтижесінде отандық әйел еңбегі рыногының қалыптасуын және де өңірдегі әйел еңбегінің жетілдірілуінің нақты іс-шаралары ұсынылып отыр. Еліміздегі әйелдерді жұмыспен қамту мәселесін шешуге әсер ететін негізгі шаралардың бірі – шағын кәсіпкерлікті дамыту деп қарастырған жөн. Олар рынокты тұрғындарға қажетті тұрмыстық тауарлармен қамтамасыз ету мәселесін шешуші, экономикалық дербестігі арқылы өмір сүру деңгейін көтеру көзі, жеке тұлғаның өзіндік және кәсіпкерлік қабілеттерін қалыптастырушы құралдар болып табылады. Әйелдер кәсіпкерлігінің кәсіби бағыты біз үшін дәстүрлі, яғни бұл негізінен: жеңіл өнеркәсіп, қоғамдық тамақтандыру, кеңес беру және білім беру қызметтері, халықтық медицина, косметологиялық қызмет көрсету.

Түйін сөздер: еңбек нарығы, әйел еңбегі, жұмысшы күші, гендерлік фактор, әйелдерді жұмыспен қамту.

Aikupesheva D.M.,
Umirzakova M.A.,
Berikbolova U.D.

**The mechanism of market
structure improvement of women
labor force**

In a word human progress there is a difference in life-span, literacy, education and earnings of men and women, here possibilities of men. The consequences of transitional period strengthened gender inequity in the political.

One of important factors of increase of employment among women in our country is development of small business. They provide the population of the country and the market with need goods of a household purpose are sources of increase of a standard of living of the population by means of economic independence are also instruments of formation of individual enterprise abilities. Vocational guidance of female business is usually traditional; it is generally light industry, public catering, consulting and educational services, traditional medicine, and cosmetology services.

Key words: labour market, work of women, labour, gender factor, employment of women.

Айкупешева Д.М.,
Умирзакова М.А.,
Берикболова У.Д.

**Механизм совершенствования
структуры рынка женской
рабочей силы**

В мировой тенденции человеческого развития существует разница в продолжительности жизни, грамотности, образовании и заработках мужчин и женщин, при этом возможности женщин более ограничены по сравнению с возможностями мужчин.

Один из важных факторов повышения занятости среди женщин в нашей стране – развитие малого бизнеса. Малый бизнес обеспечивает население страны и рынок необходимыми товарами бытового назначения, является источником повышения уровня жизни населения с помощью экономической самостоятельности, а также инструментом формирования индивидуальных предпринимательских способностей. Профессиональная ориентация женского предпринимательства обычно традиционна, это в основном легкая промышленность, общественное питание, консалтинговые и образовательные услуги, народная медицина, косметологические услуги.

Ключевые слова: рынок труда, труд женщин, рабочая сила, гендерный фактор, трудоустройство женщин.

ӘЙЕЛ ЖҰМЫС КҮШІ РЫНОГЫ ҚҰРЫЛЫМЫН ЖЕТІЛДІРУ МЕХАНИЗМІ

Мемлекеттік жұмыспен қамту саясатының негізгі бағыттары объективті сипатта өмір сүретін шарттардан бастау алады, олардың қатарында:

– отбасын материалдық қамтамасыз етудегі әйелдің қомақты үлесі (отбасының жиынтық табысының 40%-ға жуығы);

– әйел еңбегінің қалыптасқан сипаты біздің елімізде жыныс белгісі бойынша еңбек рыногының ерекше түрінің бар екендігін білдіреді (тар көлемді сұраныс, біліктілігі жағынан және бала күтіміне байланысты артта қалу салдарынан жұмыс күші бағасының төмендігі, еңбекті қорғаудың және әлеуметтік жеңілдіктердің жоғарғы қажеттілігі);

– рыноктық шаруашылық жағдайында жұмыссыздар арасында әйелдердің көп болуына орай, мемлекеттік әлеуметтік қорғаудың ерекше қажеттілігі;

– әйелдерді еңбекпен қамтудың кешенділігі, оның қоғамның басқа да аспектілерімен – демографиялық, ұлт денсаулығы, жас ұрпақты тәрбиелеу ісі, адам еркіндігі мен әлеуметтік құқықтармен, оның ішінде гендерлік теңдікті сақтаумен байланыстылығы.

Аталған мақсаттар мазмұнының түрлілігіне қарамастан, қазіргі кезеңдегі әйелдерді жұмыспен қамтудың мемлекеттік саясатының басты міндеті – әйел жұмыс күшінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру шарттарын қамтамасыз етуге бағытталуы тиіс. Еңбек рыногындағы мұндай мемлекеттік реттеудің әлеуметтік-қорғаушы рөлі әлемдік өркениетті қоғам ұмтылатын әйелдердің жеке тұлға ретінде өзін-өзі жүзеге асыруына және өмірлік бағытын нақтылауға мүмкіндік береді, жыныс белгісі бойынша мүмкіндіктер теңдігінің күшеюіне ықпал етеді. Кәсіпорындарда әйелдер жұмыс орындарын қолдаудың бірнеше тәсілдері жүргізіледі. Бірқатар экономистер, жоғарыда айтып өткеніміздей, біздің еліміз үшін дәстүрлі емес – шектеу (квоталау) нұсқасының кәсіпорындардың қайта құрылуы кезінде қызметкерлерді жұмыстан босатудың қағидаларын ұсынады, атап айтқанда: жұмыстан қысқартылғандардың санындағы әйелдердің үлесі персоналдың жалпы санындағы үлес салмағынан асып кетпеуі тиіс [1, 98 б].

Сондай-ақ, еліміздегі әйелдерді жұмыспен қамту мәселесін шешуге әсер ететін негізгі шаралардың бірі – шағын кәсіпкер-

лікгі дамыту деп қарастырған жөн. Олар рынокты тұрғындарға қажетті тұрмыстық тауарлармен қамтамасыз ету мәселесін шешуші, экономикалық дербестігі арқылы өмір сүру деңгейін көтеру көзі, жеке тұлғаның өзіндік және кәсіпкерлік қабілеттерін қалыптастырушы құралдар болып табылады. Әйелдер кәсіпкерлігінің кәсіби бағыты біз үшін дәстүрлі, яғни бұл негізінен: жеңіл өнеркәсіп, қоғамдық тамақтандыру, кеңес беру және білім беру қызметтері, халықтық медицина, косметологиялық қызмет көрсету және т.б.

Дегенмен, «кәсіпкер-әйел» деген ұғым әзірше элитарлы мағынада ғана қолданылады, және де көптеген сарапшылардың пікірінше (А. Котляр, Г. Силасте) әйелдер арасындағы кәсіпкерлік жаппай сипат алады деп күтуге болмайды [2, 40 б].

Сонымен қатар, отандық ғылымда аз зерттелген мәселелердің бірі – бизнес психологиясы мен әйел психологиясы арақатынасының ерекшеліктері. Әйелдер үшін бизнестің қандай түрі өзіне ұнамды? Қандай түрлерінде ол табысқа көбірек жетеді және неліктен? Бизнес саласында ынталылық таныту жағынан әйелдер еркектерден кем емес. Бірақ олар дүрбелеңге тез түседі және алған бағыттарынан тез қайтады. Сондай-ақ, әйелдер бұрын басқалар жүрген жолмен жүргенді жақсы көреді. Мысалы «барып-қайту саудасы»,

онымен бұрын тек оңтүстік өңірлердің әйелдері ғана айналысса, қазіргі кезде бұл бизнес бөлшек саудада 70%-ға дейінгі үлеске ие. Осы орайда, кәсіпкерлік қасиеттерді (тәуелсіздік, адамдармен қарым-қатынас, тапқырлық, сезімталдық, шығынның алдын-алу, тәуекелге бел байлаушылық, өзгерістерге бейімделгіштік, сәтсіздік алдындағы қорқыныш, ақпаратқа көзқарас) зерттеуші шет елдік әлеуметтанушылардың пікірінше, әйелдер ерлерден көш ілгері тұрады [3, 4 б.].

Әйелдер шағын бизнесін кеңейту үшін төмендегідей іс-шараларды жүзеге асыруды ұсынамыз:

– біріншіден, шағын кәсіпкерлікті дамытудың өңірлік бағдарламаларында әйелдердің қатысуымен жұмыспен қамтамасыз ету жөнінде арнайы бөлім болуы тиіс. Мысалы, Францияда 1989 жылдан бері әйелдер құрған кәсіпорындардың арнайы мемлекеттік қорларының ұлттық жүйесі қызмет етеді. АҚШ-та шағын бизнес жөніндегі Әкімшілікте шағын фирмалардың иелері-әйелдер үшін арнайы бағдарламалар жұмыс жасайды [3, 38 б.];

– екіншіден, әйелдерді кәсіпкерлік негіздеріне оқытуды және ақпараттық-кеңес беру орталықтарын ұйымдастыру. Біз өз тарапымыздан аталмыш орталықтың қызмет ету үлгісін ұсынып отырмыз (1-сурет).



Ескертпе – [1] әдебиет негізінде құрастырылған

1-сурет – Ауылдық жерлерде әйелдердің экономикалық құқықтарын жүзеге асыру механизмі

Қазақстанда ауыл әйелдері кедейшілік дәрежесі жоғары топты құрайтындығы белгілі. Ауыл әйелдерінің кедейшілігін анықтаушы себептерге төмендегі алғышарттарды жатқызуға болады:

- ақылы еңбек түріне қол жеткізе алмауы;
- ауылшаруашылығы өнімдерін өндіру мен сатудан түсетін табыс мөлшерінің төмендігі;
- дәстүрлі көпбалалылық;

Біздің ойымызша, ауылдың макродеңгейде дамуына және реформалардың нәтижелерінің ерлер мен әйелдер үшін микродеңгейдегі әсеріне гендерлік талдау жүргізбестен даму жөніндегі кез-келген бағдарламаны тиімді деп санауға болмайды. Өнімнің бәсекеге қабілеттілігінің артуы қаржылық салымдар, оңтайлы несиелік саясат, қаржылық лизинг есебінен жүргізілуі мүмкін. Бұл бағыттағы бағдарламалар гендерлік факторларды ескермейді. Гендерлік көрсеткіштерді ескерместен жасалған іс-шаралар тұрғындардың өмірінің сапасын төмендетіп жібереді. Сондықтан да еңбектің гендерлік тұрғыдан бөлінуі аграрлық секторды реформалау мен ауылды дамытуға қатысуында елеулі үлес қосуы мүмкін екендігін есте сақтаған жөн.

Қазіргі кезеңдегі қазақстандық еңбек рыногының қалыптасқан үлгісін саралай отырып, біз, жүргізілген зерттеулер нәтижесінде отандық әйел еңбегі рыногының қалыптасуы және даму үлгісін төмендегідей сипатта деп айта аламыз: отандық экономикада ресми және бейресми еңбек рыноктарының арасында шекара жоқ.

Біздің тарапымыздан өңірлік (жалпы қазақстандық) әйел еңбегі рыногын жетілдірудің нақты іс-шаралары ретінде ұсынылады:

1. Әйелдер мен ерлер арасындағы жалақы деңгейіндегі айырмашылықты жою мақсатында бюджеттік сала қызметкерлерінің жалақысын орташа республикалық деңгейге жеткізу.

2. Еңбек рыногындағы бәсекелестікте әйелдерге ерлермен қатар бірдей мүмкіндіктерді қалыптастыруды қамтамасыз ету.

3. Әйелдердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында еңбек рыногында сұранысқа ие қызмет түрлерімен айналысуын қолдау.

4. Экономиканың түрлі салалары бойынша жұмыс орындарының қалыптасуының гендерлік сараптамасын жүргізу.

5. Әйелдер мен ерлер үшін жұмыс орындарын арнайы қалыптастырудың экономикалық тиімділігі мен әлеуметтік зардаптарына есеп жүргізу.

6. Жұмыс берушілерді әйелдер үшін арнайы жұмыс орындарын ашуға ынталандыру.

7. Ресми тіркелген жұмыссыздарға олардың жоғарғы білімін, кәсіби ерекшеліктерін ескере отырып, ұсынылатын қоғамдық жұмыстардың түрін кеңейту.

8. Бизнес-сектор мен үкіметтік емес ұйымдарды рынокта сұранысқа ие мамандық түрлері бойынша жұмыссыздарды қайта даярлау ісіне қатыстыру.

9. Жергілікті атқарушы органдардың, еңбекпен қамту орталықтарының, үкіметтік емес ұйымдардың, халықаралық ұйымдардың бірлескен бағдарламалары бойынша әйелдер үшін әлеуметтік бейімделу, өзін-өзі ұйымдастыру, белсенділік, қабілетін дамыту сияқты ақысыз негізде тренингтер, семинарлар өткізу.

10. Қоғамдағы әйелдер мен ерлердің рөлі туралы, олардың әлеуетінің дамуына кедергі келтіретін дәстүрлі түсініктерді өзгерту мақсатында орта мектептерде, жоғарғы оқу орындарында, мемлекеттік мекемелерде міндетті гендерлік білім беру бағдарламаларын енгізу.

Сонымен бірге, мұндай іс-шаралардың мазмұнына сай жүзеге асырылуын бақылап отыру мақсатында жыл сайын келесі бағыттағы жұмыстардың жүргізілуі тиіс:

- қатысушының көзқарасына негізделген жұмыссыздықты қысқарту бағдарламаларын бағалау, яғни: бағдарлама оның іске асырылуына қатысушылар мен қызметкерлер тарапынан, сондай-ақ, жұмыссыз әйелдер тарапынан қалай қабылданады (көзқарастары қандай?) [3, 25 б].


- жұмыссыз әйелдермен бетпе-бет әңгімелесулер арқылы жұмыссыздықтың себептері, онымен күресу әдістері, табыстар деңгейі, қызметтің қай түрі жұмыссыздар арасында қандай сұранысқа ие деген сияқты жайттарды анықтау;

- гендерлік аспектілерге негіздей отырып, шағын несиелер, төменгі ставкалы несиелер беру саясатының тиімділігіне сараптамалық баға беру;

Үкіметтік емес ұйымдардың жұмыссыздық және кедейшілікпен күресу жұмыстарына талдау жасау.

Жыл сайын жүргізіліп ортыратын мұндай зерттеулер жұмыссыздардың төмендегідей категорияларына бағытталса, шынайылығы мен тиімділігі арта түсері сөзсіз:

- жалғызбасты аналар;
- көп балалы аналар;
- еңбек рыногында әлсіз топ ретінде жасы 45-тен асқан әйелдер;
- экологиялық зиянды аймақтарда өмір сүретін әйелдер.



Ескертпе – автордың құрастыруы

2-сурет – Өңірлік еңбек рыногында әйелдер жұмыссыздығын қысқарту іс-шараларын жүзеге асыру үлгісі

Әдебиеттер

- 1 Самакова А.Б. Только экономические независимая женщина может всерьез зиниматься политикой. Реализация прав женщин. – Алматы, 2002. – 98 с.
- 2 Котляр А. О понятии рынка труда // Вопросы экономики. – 1998. – №1. – С. 110.
- 3 Шакирова Н. Воздействие глобализации на экономическое положение казахских женщин // Саясат-Полице. – 2002. – №5. – С. 45.
- 4 Семенова В.В. Качественные методы в социологии. Стратегия социологического исследования. Описание, объяснение, понимание социальной реальности. – М., 1999. – 399 с.
- 5 Мелик'ян Т.Г., Колосова Р.П. Экономика и социально-трудовые отношения. – М., 1996. – 272 с.

References:

- 1 Samakova A.B. Tol'ko jekonomicheskie nezavisimaja zhenshhina mozhet vs'er'ez zinimat'sja politikoj. Realizacija prav zhenshhin. – Almaty, 2002. – 98 s.
- 2 Kotljar A. O ponjatii rynka truda // Voprosy jekonomiki. – 1998. – №1. – S. 110.
- 3 Shakirova N. Vozdejstvie globalizacii na jekonomicheskoe polozhenie kazahskih zhenshhin // Sajasat–Police. – 2002. – №5. – S. 45.
- 4 Semenova V.V. Kachestvennye metody v sociologii. Strategija sociologicheskogo issledovanija. Opisanie, ob'jasnenie, ponimanie social'noj real'nosti. – M., 1999. – 399 s.
- 5 Melik'jan T.G., Kolosova R.P. Jekonomika i social'no-trudovye otnoshenija. – M., 1996. – 272 s.